# Ұстаз еңбегі өлшеусіз

**Бүгінгі мақаланың кейіпкері 30 жылға жуық саналы өмірін ұстаздық жолға арнап, білім саласында елеулі қызмет етіп келе жатқан ұстаздардың бірі - Оташев Болатбек Сабыржанұлы туралы болмақ.**

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан - жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті, біліктілікті қажет ететін мамандық – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттермен қарым - қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған әмбебап маман.

Болатбек Сабыржанұлын – қазіргі заман мұғалімі деп айтуға болады. Рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман. Өзін – өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда шәкірттерінің биіктен көрінуіне күнделікті ісіндегі жаңашылдық арқылы, жан - жақты берген тәрбие арқылы қол жеткізді. Өзіне тән коммуникативтік және ұйымдастырушылық деңгейдегі үйлесімді қасиеттері бар ұстаз. Жұмыс барысында ұстаздарға берген тәрбиесі жол сілтер шамшырақ іспетті.

Қазақы отбасы құндылығында «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» деген астарлы сөз бар. Бұл – аталы сөзді айтуымның себебі, Болатбек Сабыржанұлы әке тәрбиесін көріп өсті, әке жолын таңдады. Оның ұстаздық жолға келуіне тау тұлғалы әкесінің септігі мол болды. Қандай жиын болмасын Болатбек ағай өзінің әкесі жайлы біраз толғанады. Әке жолын жалғастырғанын істе де көре білдік. Былтырғы жылы «Әкенің жарқын жолымен» атты кітап жазып шығып, кітапты қалың оқырманға ұсынды.




Әр адамның өз биігі, өз дәрежесі, өз ерекшелігі болады. Сол биіктен көріне білген ұлағатты ұстаз Болатбек Сабыржанұлының педагогика саласындағы сіңірген еңбегінің нәтижесі жинақта анық топтастырылды.

Осы мақалада Болатбек Сабыржанұлының өмірбаянына және тыңғылықты еңбек жолына тоқталмақпын... Болатбек Сабыржанұлы Амангелді ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. Жастайынан оқуда зерек болған оқушы 8 – сыныпты бітірген соң Амангелді ауданындағы кәсіптік - техникалық училищеге оқуға түсті. Арнаулы оқу орнын үздік аяқтағаннан кейін жоғары оқу орнына түсті. Жоғары оқу орнын бітірген соң, өзі оқыған Амангелді ауданындағы училищеге оралып, алғашқы еңбек жолын бастады. Ұстаздың алғашқы ұстаздары Х. Досжанов, М. Коржын атты ұлағатты ұстаздар: «Болатбек жаңашыл, жаңа бағыттағы оқу бағдарламасын меңгерген білікті маман екені алғашқы күннен байқалды» - деп, өз естеліктерінде ой бөліседі. Расымен, Болатбек Сабыржанұлының ұрпақ тәрбиелеудегі сүбелі еңбегі туралы кім де болса жақсы айтатыны анық.

Кәсіби өмірде шыңдалған ұстаз Арқалық қаласына келіп, біраз оқу орындарда басшылық қызметте болды. Онымен қоса, оқушыларды түрлі республикалық пән олимпиадаларына дайындап, талай шәкірттің білім жолында қанаттарын қатайтты. Талантты жастар Болатбек Сабыржанұлының талапшылдығын тілге тиек етеді. Ұстаз тәрбиелеген шәкірттердің біразы бүгінде елімізде сан түрлі салада жемісті еңбек етуде. Әрине, бұл ұстаз мерейі!

2015 жылы ұстаздың еңбегі бағаланып «Жыл адамы – 2015» атанды. Әрине, бұл марапат ұстазымызға әбден лайық еді. Онымен қоса, білім беру саласында жеткен жетістіктері үшін көптеген марапаттарға ие болды.

2019 - 2020 жыл адамзат баласы үшін өте қиын жыл болды. Осындай қиын уақытта Болатбек Сабыржанұлы қосымша партиялық қызметте еді. Ол ауыр жағдайда ауырған азаматтарға қосымша тыныс алу аппараттарын алып беруге жағдай жасап, халықтың зор ықыласына бөленді.

2020 жылы Болатбек Сабыржанұлы Родина жалпы білім беретін мектебінің директоры қызметіне тағайындалды. Мектептің ішкі тәртібіне үлкен мән беріп, жас мамандарға жол көрсетіп, өз тәжірибесімен бөлісіп отырды.

«Болар істің басына, жақсы келер қасына» дегендей мектепте түбегейлі өзгерістер кезең - кезеңімен жүзеге аса бастады. Болатбек Сабыржанұлының бастамасымен алдымен мектеп әнұраны жазылды. Сөзі - мектеп түлегі Айтжан Мұратбектікі, әні - сазгер Болат Молдашевтікі. Нәтижелі істе жақсы бастамашылық танытқан мектеп директорының көрегендігін де айтқан жөн.

Осы уақыт аралығында ағайдың мектепішілік, қоғамдық жұмыста да кеңпейілділігі көбірек көрініс тапты. Мектептегі алғаш жұмыс күнінен бастап, қайырымдылық жасауға үлкен көңіл бөлді. Шыны керек, қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниеттің болуы жеткілікті. «Жанашырлыққа жан риза» дегендей, оқушылардың жанашыр қамқоршысы болып, сауабы мол іске атсалысу – әрбір азаматтың парызы. Болатбек Сабыржанұлы осындай игі шараларды мықтап қолға ала бастады. Аз қамтылған отбасынан шыққан дарынды оқушылар арасында «Менің сүйікті отбасым» атты эссе байқауын өткізіп, шығармашыл қабілетін таныта білген оқушыларға арнайы дипломмен қоса, ақшалай сыйлық беруге өз септігін тигізді. Бұл – жақсылықтың бір ұшқыны ғана.

Болатбек Сабыржанұлының келуімен мектептегі оң өзгерістер қарқынды жалғасын таба берді. Ең бастысы білімді педагогтардың саны артып, сапалы білім беру нәтижеге бағытталды.

Мектепте көп жылдан бері шешілмей келе жатқан мәселе – мектепті күрделі жөндеуден өткізу еді. Бұл мәселе көпшіліктің басты назарында еді. Бүгінде мектеп толық - қанды жөндеуден өтіп, ғимарат түрленіп, жаңа кейіпке енді. Жөндеу жұмысының жүру барысы қала әкімшілігі және білім беру бөлімінің ерекше бақылауында болып, жөндеу жұмыстары өз уақытында аяқталды.

Көпшілікті тағы бір ойландырған мәселе мектеп атауын өзгерту еді. Күрделі мәселе Болатбек Сабыржанұлының басты назарында болды. Қала әкімшілігімен, мектеп ұжымымен, ауыл ақсақалдарымен кеңесіп, «Алаш» қайраткерлерінің бірі Әлихан Бөкейханның есімімен атау жоғары жақтан сұралды. Игі бастамада Болатбек Сабыржанұлының табандылығы көрініс тауып, мектеп атауы Әлихан Бөкейханның есімімен аталатын болды деген жақсы хабар жетіп, ұстаздар зор қуанышқа кенелуде. Түсіне білген адамға бұл үлкен тындырымды шаруа екені анық.

Көктем айы басталысымен мектеп алаңқайларын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мектеп алаңқайларына түрлі ойын алаңдары орнатылып, оқушылардың демалуына қолайлы жағдай жасалды. Онымен қоса, мектептің ауласына әр түрлі әсем гүлдер егіліп, мектеп алаңына тамаша көрініс берді. Шыны керек, осы жұмыстардың артқы жағында мектеп директорының қажырлы еңбегі бар екенін зор сеніммен айта аламын.

Мектебіміз алдыңғы қатарлы мектеп болуы тікелей мектеп басшысына байланысты. Мектептің оқу сапасының көтерілуіне көңіл бөліп, рухани демеу жасап келе жатқан мектеп директоры Болатбек Оташев ұжым арасында адамгершілікті ту еткен қасиетімен үлгі болуда.

**Айтжан ҚҰРЫМҒАЛИҰЛЫ,**
**Родина жалпы білім беретін мектебінің**
**педагог - психологы**